

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
11.09.2019 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 11.09.2019 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасы мен Солтүстік инвестициялық банк арасындағы Солтүстік инвестициялық банктің Қазақстан Республикасындағы қызметін реттейтін негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Руслан Ерболатұлы Дәленов мырзаға беріледі.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға Хельсинки қаласында 2018 жылы 16 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Солтүстік инвестициялық банк арасындағы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы заң жобасы ұсынылады.

Келісім Қазақстан Республикасындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін Солтүстік инвестициялық банктің қызметін ашуға мүмкіндік береді.

Солтүстік инвестициялық банк 1975 жылы құрылды және Скандинавия мен Балтық елдері мүше болып табылатын көпжақты даму банкі. Штаб-пәтері Хельсинки қаласында орналасқан.

Солтүстік инвестициялық банктің жарғылық капиталы 6 миллиард 142 миллион еуроны құрайды, ол мүше елдердің төлемдерінен қалыптасады (Дания, Эстония, Финляндия, Исландия, Латвия, Литва, Норвегия, Швеция).

Солтүстік инвестициялық банктің жалпы кредиттік портфелі 2018 жылы 19,1 миллиард еуроны құрады. Қарыздар 25 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Солтүстік инвестициялық банктің стратегиясына сәйкес кредиттік портфельдің шамамен 20 пайызы оның мүшелері болып табылмайтын елдерге беріледі.

Солтүстік инвестициялық банк қаржыландыруының негізгі бағыттары энергетика, «жасыл экономика», телекоммуникация, көлік, өнеркәсіптің түрлі салалары, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау сияқты секторлар және шағын және орта бизнес болып табылады.

Келісімде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделмеген нормалар, атап айтқанда, валютаның айырбасталуы және қаражат аудару, тендерлер өткізу, сондай-ақ Солтүстік инвестициялық банктің активтері мен кірістерін салық салудан босату жөніндегі нормалар белгіленеді.

Бұл халықаралық ұйымдардың стандартты шарттары.

Келісім мүшелік жарналар және бюджеттен басқа да төлемдерді талап етпейді.

Келісімді ратификациялау әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Қайназаров Уәлихан Анарбайұлына беріледі.

ҚАЙНАЗАРОВ У.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен заң жобасын қолдаймын, әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Құрметті Руслан Ерболатұлы, Сіз атап өткен келісімде Солтүстік инвестициялық банктің Қазақстан аумағындағы қызметін реттеу мәселелері көрсетілген және ол негізінде қарыз берумен айналысатын болады. Сонымен қатар келісімде қарыз беру шарттары айтылмаған.

Қарыз қандай шартпен беріледі? Және басқа шетелдік қарыз ұйымдарымен салыстырғанда қаншалықты тиімді болатынын айтып өтсеңіз.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Мөлшерлемені банктің кредит комитеті айқындайды. Мөлшерлемелер қарыз алушыға байланысты, оның тәуекелдеріне байланысты. Егер қарыз алушы мемлекет болса, кредит ставкасы 2 пайыз болады, жеке сектор кредит алатын болса, кредит ставкасы шамамен 7 пайыз болады. Кредит 25 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Яғни, шарттар тартымды. Олар басқа халықаралық ұйымдарға ұқсас, мысалы, Азия даму банкінде мемлекеттік қарыз бойынша ставка 2,6 пайызды құрайды, Еуропа қайта құру және даму банкінде ставка 3 пайызды құрайды, яғни, ставкалар шамамен ұқсас. Мұнда тартымдылық – банктің рәсімдері. Мысалы, банктің рәсімдері тез жүргізіледі және қаражатты көп салаларға тартуға болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Суслов Александр Васильевичке беріледі.

СУСЛОВ А.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Руслан Ерболатович! Мы понимаем, что подобное рамочное соглашение подписывается с целью создания максимально комфортных условий для привлечения в страну зарубежных инвестиций.

В соответствии с пояснительной запиской к законопроекту реализация соглашения позволит Казахстану привлечь до 400 миллионов евро

инвестиций, в том числе в сферах водоснабжения, транспорта, энергетики, промышленности.

В связи с этим у меня следующий вопрос.

Скажите, пожалуйста, есть ли на сегодняшний день конкретные инвестиционные проекты, которые планируется реализовать на территории нашей страны на условиях финансирования Северного инвестиционного банка? Спасибо.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо за вопрос.

Такие проекты есть. Согласно данным национальной компании "Kazakh Invest", перечень проектов собран. Вообще пул проектов превышает 1 миллиард евро, но это, понятно, пул проектов. Конкретные проекты будут определяться в ходе переговоров. В ходе переговоров будут выявляться размер ставок, льготный период, преимущества для казахстанского содержания, отечественных поставщиков и другие условия.

Из проектов, которые на стадии проработки, назову следующие:

внедрение высокоскоростной сети пятого поколения – 5G. Предполагается, что инвестор будет со стороны Финляндии («Nokia»), почти 500 миллионов долларов. 5G – это важный элемент искусственного интеллекта. Вы знаете, что даже операции хирурги могут проводить дистанционно только при условии, что есть высокоскоростной интернет, который позволяет руководить скальпелем с другой точки планеты именно благодаря скоростной системе 5G;

производство технического кремния. В Павлодарской области прорабатывается проект на 130 миллионов долларов. Инвесторы – Объединенные Арабские Эмираты;

польский проект по тепличному комплексу в Туркестанской области на 26 миллионов долларов;

мясоперерабатывающий комбинат в Акмолинской области на 22 миллиона долларов. Инвестор – Дания;

очень интересный проект – строительство керамического завода на 128 миллионов долларов в Кызылординской области.

Это все – проекты, их будет прорабатывать национальная компания "Kazakh Invest". Спасибо.

ТӨРАҒА. Был вопрос по сферам – водоснабжение, транспорт, энергетика. В этих областях есть проекты?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. В сфере энергетики проектов пока нет, Нурлан Зайруллаевич. В указанных сферах проекты есть. Время, конечно, будет, мы будем прорабатывать совместно с "Kazakh Invest" качественные проекты.

Северный инвестиционный банк дает приоритет, льготные проекты именно в сфере энергетики, особенно в сфере возобновляемой энергии, «зеленой экономики». Поэтому, как только у нас будут интересные проекты, мы будем показывать их партнерам и прорабатывать льготные ставки.

ТӨРАҒА. Вы сейчас сказали ключевую фразу – как только, будем ждать, мы придем. Мы с Вами на прошлой неделе, как и со всеми другими

членами Правительства, работали над анализом реализации предвыборной платформы. Сейчас Вы говорите о Северном инвестиционном банке, там речь идет об Азиатском банке. Нам не нужно ждать, когда будут эти вопросы, Руслан Ерболатович.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Да, есть.

ТӨРАҒА. Помните, о чем мы говорили? Это касается не только Азиатского банка, но и Северного инвестиционного банка. Есть в вашем же Правительстве Ваши коллеги – Министерство индустрии и инфраструктурного развития, Министерство энергетики. Деньги есть, а вы сидите и ждете. У Вас базовое министерство. Вы координатор в этом вопросе. Теревите их, встречайтесь. Все эти сферы требуют этого. Правильно депутат Сулов ставит вопрос по водоснабжению, транспорту, энергетике, промышленности. Направляйте туда. Но для этого надо искать проекты вместе с Министерством индустрии и инфраструктурного развития и другими профильными министерствами. Хорошо?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Есть.

Нурлан Зайруллаевич, доложу Вам, что при Правительстве создан координационный совет по привлечению инвестиций. Стоит задача – довести уровень инвестиций в стране до 30 процентов к ВВП (это уровень развитых государств), что позволит обеспечить 5 процентов и выше роста экономики. На данном координационном совете в Правительстве будут рассматриваться и рассматриваются данные проекты.

ТӨРАҒА. Если бы количество создаваемых советов было бы причиной роста экономики, мы с вами каждый день пекли бы их как горячие пироги. Вопрос, еще раз говорю, в практической деятельности и взаимодействии министерств, которые работают в этой сфере. Ваше министерство должно быть координатором.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Такое взаимодействие есть.

ТӨРАҒА. Я поднимаю этот вопрос для того, чтобы вы не оказались в той же ситуации, как с Азиатским банком. Просидели два с половиной или три года, ждали, пока вас здесь с вашими же коллегами не столкнули, что называется... И вы потом друг другу задаете вопрос: а у тебя есть, а у тебя есть? У меня деньги есть. То же самое и по Северному инвестиционному банку. Не надо ждать. Проблемы есть. Хорошие деньги – «мягкие», «длинные». Соответственно, надо ими воспользоваться.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Есть. Мы работаем.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлына беріледі.  
БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. Ракмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Руслан Ерболатұлы! Бүгінгі қаралып отырған келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі банкке белгілі бір жобаларды қаржыландыруға сұраныс береді немесе қаржыландыру қаралып отырған келісімнің қолдану аясына жататындығын растайды.

Мемлекеттік қарыздар жағдайына келсек, Қазақстан Республикасы тиісті келісімнің тарапы ретінде әрекет етеді, яғни олар бойынша мемлекеттік кепілдік болады. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Осы негіздемелік келісім шеңберінде жеке және заңды тұлғалардың болашақта ықтимал қарыздары болып жатса, бұған кім кепіл болады? Және олар бойынша мемлекет өзіне қандай да бір міндеттеме ала ма? Рақмет.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Қарыздарды жеке сектор алу үшін келісім қаржылық міндеттемелерді немесе кепілдікті талап етпейді, көздемейді. Қарыз алу үшін кепілдік міндеттілігі жоқ банктің өзі келісімнің 2-бабына сәйкес қазақстандық қарыз алушыға кепілдік бере алады. Осы жағдайда барлық тәуекелдер банкке жатқызылады және Үкіметтің жауапкершілігі болмайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Козлов Евгений Александровичке беріледі.

КОЗЛОВ Е.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

У меня два вопроса, которые адресованы представителю Министерства юстиции.

Статья 11 рассматриваемого соглашения регулирует разрешение споров. В данной статье указано, что в случае, когда возможно возникшие споры в течение определенного времени не могут быть разрешены мирным соглашением, они должны быть урегулированы путем окончательного и обязательного арбитражного разбирательства. Эти арбитражные разбирательства должны происходить в Международном арбитражном суде, расположенном в Нидерландах (город Гаага). И Казахстан, как указано в этой статье, не возражает против вынесенного этим судом решения.

В связи с этим у меня следующие вопросы.

Скажите, пожалуйста, были ли прецеденты решения спорных вопросов, возникших в рамках подобных соглашений, а также почему в соглашении идет привязка к конкретному арбитражному суду? Мы знаем, что в мире есть и другие арбитражи, в том числе в Стокгольме, Лондоне. Спасибо.

ТӨРАҒА. Гаага – тоже неплохой город же.

Пожалуйста, вице-министр юстиции Наталья Виссарионовна Пан.

ПАН Н.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич. Спасибо за вопрос.

Все проекты международных договоров согласно Закону «О международных договорах» проходят юридическую экспертизу в Министерстве юстиции. В рамках этой экспертизы был рассмотрен пункт об арбитражных разбирательствах, потому что все-таки могут сложиться разные перспективы, могут возникнуть спорные вопросы.

В данном случае Министерство юстиции смотрит на практику вынесения решений именно в суде Гааги (Нидерланды). Негативных решений в отношении Республики Казахстан вынесено не было.

Также мы смотрим принцип равноудаленности. Если был бы предложен суд Хельсинки, мы возражали бы, потому что была бы заинтересованность. Этот принцип соблюден.

Поэтому был одобрен пункт о проведении арбитражных разбирательств в Гааге (Нидерланды).

На аналогичных условиях было заключено соглашение с Европейским Банком Реконструкции и Развития. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Кесебаева Балаим Туғанбайқызына беріледі.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Руслан Ерболатұлы! Осы келісімнің 1-бабында жобаның анықтамасы беріледі. Оған сәйкес тікелей банк немесе делдал арқылы қаржыландырған кез келген инвестициялық жоба және Солтүстік инвестициялық банк кепілдік берген қарызбен қамтамасыз етілген жоба көзделеді. Бұл жерде қандай делдал туралы сөз қозғалып отыр? Өйткені қаралып отырған құжатта оның анықтамасы да, құқықтық мәртебесі де көзделмеген. Және осы делдалдың қатысуы ресурстар құнының қымбаттауына әсер ете ме?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Келісімнің 1-бабына сәйкес банк кредиттерді тікелей немесе делдал арқылы береді. Осы жағдайда делдал ретінде екінші деңгейдегі банк немесе даму институты болады. Практикада халықаралық ұйымдар жеке тұлғаларды, микро және шағын бизнесті тікелей қаржыландырмайды, шағын бизнес делдал арқылы қаржыландырылады. Себебі халықаралық ұйымдар саны көп жергілікті қарыз алушыларды қаржыландырмайды, сондықтан делдал керек. Мысалы, 2017 жылы Қазақстан даму қоры делдал болды. Азия даму банкі кредит желісін ашты. Осы кредиттің арқасында 14 мыңға жуық шағын бизнес қаржыландырылды. Осы жағдайда делдалдың соңғы ставкасы кредит желісінде айқындалады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Шарапаев Петр Анатольевичке беріледі.

ШАРАПАЕВ П.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Руслан Ерболатович! В пояснительной записке к рассматриваемому законопроекту сказано, что реализация соглашения повлечет за собой условные потери республиканского бюджета на 2019 – 2021 годы в размере порядка 762 миллионов тенге. Данные потери связаны с освобождением Северного инвестиционного банка от налогообложения.

Поясните, пожалуйста, каким образом были подсчитаны данные условные потери бюджета? Спасибо.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо за вопрос.

Речь идет об условных потерях. Их нет. Если будут выплаты процентов, по законодательству надо брать подоходный налог с нерезидента в размере 10 процентов. Это с выплачиваемых процентов.

Если привлекаемый кредит не будет превышать 400 миллионов евро, то выплачиваемый процент с этой суммы в размере 2 процентов рождает налог в размере 254 миллиона тенге в год. В трехлетнем бюджете это 762 миллиона тенге. Исходя из предполагаемой суммы потери, мы подсчитываем прогноз.

Повторяю, это условные потери. Точно такие же условия применяются ко всем международным организациям.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

У меня вопрос к представителю Министерства иностранных дел.

Нормы рамочного соглашения предполагают наделение представителей банка, за исключением казахстанских граждан, иммунитетом от судебных и административных преследований в тех случаях, когда их деятельность связана с выполнением ими должностных обязанностей.

Также предлагаются дипломатические привилегии и льготы для них, предоставляемые Казахстаном, для официальных переговоров, пересылки документов и командировок.

Скажите, пожалуйста, разве вышеуказанные привилегии не являются прерогативой сотрудников дипломатических представительств? Насколько вообще в целом правомерно наделение такими привилегиями сотрудников банка и других зарубежных финансовых институтов? Приведите, пожалуйста, пример, на что будут распространяться данные иммунитеты. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Роман Юрьевич Василенко.

ВАСИЛЕНКО Р.Ю. Большое спасибо за вопросы.

Эти положения распространяются на представителей международных организаций, каковой является и данный банк. Привилегии и иммунитеты зеркальны, соответствуют привилегиями и иммунитетам, предоставляемым представителям дипломатических представительств в Казахстане. Это абсолютно полное соответствие тем положениям, которые мы предоставляем для иностранных дипломатов.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Ахметов Сапар Қайратұлына беріледі.

АХМЕТОВ С.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Руслан Ерболатұлы! Келісімде Солтүстік инвестициялық банк жобаларды қаржыландырған кезде тендерлерге қатысу және банктің басқа да қызметтеріне қол жеткізу үшін рәсімдер банктің ішкі талаптарына сәйкес өткізілетіні туралы айтылған. Бұл жерде банктің қандай қағидаттары мен рәсімдері туралы айтылып отыр? Олар біздің заңдарға қайшы келмей ме? Отандық кәсіпорындарға қиындық тудырмай ма? Сол туралы анықтама берсеңіз. Рақмет.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Келісімнің 6-бабына сәйкес тендерлер банктің рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі. Осы стандарттар халықаралық стандарттар болып табылады. Банк тендерге қатысушылар үшін тең талаптарды қояды, белгілейді. Практика жүзінде жергілікті өндірушілерге басымдық беретін нормаларды енгізуі мүмкін, ол кредит алғанда келіссөздер барысында айқындалады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Руслан Ерболатұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Еспаева Дания Мәдиқызына беріледі.

ЕСПАЕВА Д.М. Д.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қарастырылып отырған заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің №164 қаулысына сәйкес 2019 жылғы 5 сәуірде енгізілді.

Бүгінгі күні Солтүстік инвестициялық банк Скандинавия мен Балтық елдерінің ірі кредиттік-қаржы институты болып табылады. Аталған Банкпен жасалған негіздемелік келісімді іске асыру Қазақстан Республикасына сумен жабдықтау, энергетика, көлік, өнеркәсіп секторы және басқа да салаларға инвестициялар тарту мүмкіндігін беріп, Еуропалық Одақтың жетекші компанияларының арқаулы жобаларын орналастыруға ықпал етеді. Бұл ретте жобаларды қаржыландырудан басқа Қазақстан тарапы Солтүстік Еуропа елдерінің озық технологияларына қол жеткізеді.

Солтүстік инвестициялық банктің қызметін реттейтін келісімде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көздегеннен басқа қағидаларды белгілейтін бірқатар ережелер қамтылған. Атап айтқанда, халықаралық шартта валюта айырбастау мен ақша қаражатын аударуға, Солтүстік инвестициялық банктің шарттары бойынша тендерлер өткізуге және оны салық салудан босатуға, иммунитеттер беруге, дауларды шешуге қатысты және тағы басқа нормалар белгіленіп отыр.

Қазіргі уақытта Парламент Мәжілісінің барлық тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді. Оны қарау барысында жұмыс тобына ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Осы айтылғандарды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне «Қазақстан Республикасы мен Солтүстік инвестициялық банк арасындағы Солтүстік инвестициялық банктің Қазақстан Республикасындағы қызметін реттейтін негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын мақұлдауды ұсынуға болады деп есептейді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дания Мәдиқызы.

Енді, құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Жақыпов Қабиболла Қабенұлына беріледі.

ЖАҚЫПОВ Қ.Қ. Рақмет, Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Мен талқылап отырған заң жобасын қолдаймын.

Қаралып отырған халықаралық шарт екіжақты достық байланыстарды одан әрі нығайтуға және Қазақстан Республикасы мен Солтүстік инвестициялық банк арасындағы қаржылық ынтымақтастықты дамытуды ынталандыруға бағытталған. Оның мақсаты банктің кредиттер, кепілдіктер

және Қазақстан үшін қызығушылық танытатын инвестициялық жобалар үшін басқа да құралдар беру жолымен қаржыландыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Солтүстік инвестициялық банк Скандинавия және Балтық елдері мүше болып табылатын көпжақты даму банкі болып табылады. Банк Солтүстік Еуропада, одан тыс әлемнің 40-қа жуық елінде мүше елдер үшін қызығушылық танытатын жобаларды қаржыландырады. Солтүстік инвестициялық банк өте жақсы беделге ие және оның кредит қабілеттілігінің рейтингі барынша жоғары, сондай-ақ өзіне мүше елдерден тыс жерлерде айтарлықтай кредиттік портфелінің бар екенін атап өту қажет.

Сондай-ақ осы халықаралық инвестициялық ұйыммен ынтымақтастық жасау Қазақстан Республикасына нарықтық экономикасы бар ел мәртебесін беру пайдасы үшін айтарлықтай дәлел болады.

Жалпы алғанда, екіжақты ынтымақтастық халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастықты сапалы деңгейге шығару үшін және бұған дейін айтылғандай, Солтүстік Еуропа елдерінің озық технологияларына қол жеткізу үшін оң фактор болып табылады.

Солтүстік инвестициялық банкпен ынтымақтастық жасау бағалы қағаздар нарығын дамыту, оның халықаралық капитал нарықтарымен интеграциялануын қамтамасыз ету саласында «Астана» халықаралық қаржы орталығының әлеуетін іске асыруда талап етілетін болады.

Қаралып отырған негіздемелік келісім Қазақстан үшін өте маңызды деп санаймын. Мұндай инвестициялық институттар Қазақстанға немесе кез келген басқа елге кіргенде, бұл осы ел немесе бірқатар елдер бизнесінің банк институты ықтимал инвестор ретінде келетін тиісті елді қарауға дайын екенін білдіреді.

Қаралып отырған келісімді ратификациялау Қазақстан аумағында түрлі жобаларға инвестицияларды жүзеге асыру үшін маңызды ынталандыру болып табылады.

Мен қаралып отырған заң жобасын қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қабиболла Қабенұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Сонымен, құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті – заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дүрс: Құжаттамашы қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі*  
*Н.Минова*